Есеп ұялы байланыс операторларымен жасалған шарттар саны бойынша, GSM стандарты үшін абоненттер есебі SIM-карталар саны бойынша жүргізіледі (соңғы жыл ішінде бір рет болсын байланысты пайдаланғандар). Бұған тек қана белсенді абоненттер, яғни қызметті соңғы үш ай ішінде кем дегенде бір рет қоңырау соғу немесе қабылдау, не болмаса SMS хабарлама алу және жөнелту немесе интернетке қолжеткізу сияқты операцияларды жүзеге асыру үшін қызметті пайдаланғандар енеді.

1-бағанның 1.1-жолында алдын ала төлем карточкаларын пайдаланатын ұялы байланыс абоненттерінің жалпы саны көрсетіледі. Бұл абоненттер тіркелген ай сайынғы абоненттік төлемді енгізудің орнына пайдаланушы уақыт пакеттерін сатып алуды жөн көреді.

8.1-бөлімде 256 кбит/с кем (GPRS, CDMA 1x (0 нұсқасы) және тағы басқасы) төмен жылдамдықпен деректерді жеткізуге (Интернет желісіне) қолжетімділігі бар белсенді ұялы байланыс абоненттерінің саны көрсетіледі. Деректерді жеткізудің бұл технологиялары WAP және i-mode қызметтерін қамтамасыз етеді. Мұндай қызметтер 2,5G қызметтері деп аталады, алайда CDMA 1x (0 нұсқасы) жағдайында олар ITM - 2000 MC-ге жататын 3G қызметтерінің бөлігі болуы мүмкін. Оған: пакетті радио байланыстың жалпы қызметі (GPRS), сымсыз қосымшалар хаттамасы (WAP), i-mode, CDMA 1x (0 нұсқасы) кіреді.

Пакетті радиобайланыстың жалпы қызметі (GPRS) - 2,5G жылжымалы байланыстың стандарты, оны GSM - (ұтқыр ұялы байланысы үшін ғаламдық сандық стандарт) операторлары 3G (ағыл.тілінен third generation - үшінші буын) ауысу кезеңі, i-mode - WAP шегінде WML (Wireless Markup Language "сымсыз белгілеу тілі") тілдің орнына пайдаланылатын сымсыз құрылғылар үшін белгілеудің ықшам тілі (CWML - SOUTH Wales Miners Librari) деректерді көрсету үшін пайдаланылатын деректерді сымсыз табыстаудың пакетті құрылғысы, CDMA 1x (0 нұсқасы) (Code Division Multiple Access - арналардың кодтық бөлінуімен көптеген қолжетімділік) - IMT-2000 (International Mobile Telecommunications 2000) стандарттар жүйесінің бөлігі CDMA пайдаланушыларына 256 кбит/с-тан аспайтын жұмыстың анағұрлым жоғарғы жылдамдығын қамтамасыз етеді, сымсыз қосымшалар хаттамасы (WAP) - электр байланыс саласында едәуір жетілдірілген қызметтерді көрсетуге мүмкіндік беретін және ұтқыр телефон арқылы Интернет желісі беттеріне қатынауға мүмкіндік беретін сымсыз байланыс үшін хаттамамен ұғынылады.

Егер абонент соңғы 3 айдың ішінде биллингтік жүйелер деректер талдауында сипатталатын деректерді жеткізген немесе алған болса, онда абонент деректерді беру қызметтерінің белсенді пайдаланушысы болып табылады.

8.2-бөлімде кең жолақты беру (мұнда бір немесе екі бағыттарда 256 кбит/с тең немесе одан асатын жылдамдықтар белгіленеді) жылдамдықтарымен деректерді беруге (Интернет желісі) қолжетімділігі бар белсенді ұялы байланыс желісі абоненттерінің саны көрсетіледі; WCDMA, HSDPA, CDMA2000 1xEV-DO, CDMA 2000 1xEV-DV. Мұндай қызметтер 3G немесе 3,5G қызметтер деп аталады және оларға:

кең жолақты CDMA (W-CDMA) - қазіргі уақытта 384 кбит/с-қа дейін жылдамдықпен пакеттердің коммутациясымен деректерді беруді, ал іске толық

енгізуде 2 Мбит/с-қа дейін жүзеге асыруға мүмкіндік беретін CDMA базасында IMT-2000 3G ұялы байланыс желісінің технологиясы.

W-CDMA-ға желі бойынша төмен деректерді беру барысында жылдамдықты 8-10 Мбит/с-қа дейін арттыруға мүмкіндік беретін бәсеңдетілген арнада (HSDPA) жоғары жылдамдықты беру пакетіне қолжетімділік кіреді. Шамасы 5 Мбит/с-қа дейін көтерілу желісінде жылдамдықты қамтамасыз ететін жоғарғы арнаға (HSDPA) жоғары жылдамдықты беру пакетіне қолжетімділікпен толықтырады.

CDMA2000 1xEV-DO (Evolution, Data Optimised) - CDMA базасында IMT-2000 3G жылжымалы байланыс желісінің технологиясы, бұл 4,9 Мбит/с-қа дейін жылдамдықпен пакеттер коммутациясы мен деректерді беруді жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Абонент соңғы 3 ай ішінде бір рет болсын кең жолақты жоғары жылдамдықты деректерді беру қызметін пайдаланса, онда ол белсенді пайдаланушы болып саналады, бұл биллингтік жүйе деректерінің талдауында көрсетіледі.

Егер абонент соңғы 3 ай ішінде ең болмаса бір рет төмен - және орта жылдамдықты, сондай-ақ кең жолақты жоғары жылдамдықты деректер беру қолжетімділігі қызметін пайдаланса, оны кең жолақты жоғары жылдамдықты деректер беру қызметін пайдаланушы абонент деп санау қажет.

11. 9-бөлімнің 1-жолында есепті жылдың соңына ішкі және халықаралық, шығыс және кіріс жеделхаттар көрсетіледі.

12. 10-бөлімнің 1-жолында коммутациялық қолжетімділікті пайдаланумен тіркелген (сымды) Интернет абоненттерінің саны және жоғары жылдамдықты кең жолақты қолжетімділікті пайдаланумен тіркелген (сымды) Интернет абоненттерінің санын қосқанда тіркелген (сымды) қолжетімділігі бар Интернет желісі абоненттерінің барлық саны көрсетіледі. Тек қана белсенді абоненттік қосылымдар, яғни интернетке қосылу үшін соңғы үш ай ішінде кем дегенде бір рет пайдаланғандар, абоненттік қосылымға айналысқан төлемдерді жүйелі түрде жүргізушілер қосылады.

1.1-жолда коммутациялық қолжетімділікті пайдаланумен Интернет желісі абоненттерінің саны көрсетіледі. Коммутациялық қолжетімділік деп Интернетке модем және телефон желісі арқылы қосылуды білдіреді. Бұл үшін модемнің Интернет желісін қолжетімділік қажет болған жағдайда белгілі телефон нөмірін теруі талап етіледі.

1.2-жолда бір немесе екі бағытта 256 кбит/с немесе одан да жоғары жылдамдықпен жалпы пайдаланудағы Интернет желісіне жоғары жылдамдықты қолжетімділік үшін (TCP/IP қосылуы) төлейтін кең жолақты Интернет абоненттерінің жалпы саны көрсетіледі. Осы көрсеткішке кабельді модем, сандық абоненттік желілер, пәтерге/ғимаратқа (FTTH/V+ETTH)

талшықты-оптикалық қосу, бөлінген Интернет желісі және қосылудың басқа топтарына енгізілмеген, жоғары жылдамдықты кең жолақты қолжетімділікті пайдаланумен абоненттері кіреді. Бұл жалпы сан төлеу әдісіне тәуелсіз анықталады. Оған ұялы байланыс желісі (Интернет желісі) арқылы деректерді беруге қолжетімділігі бар абоненттер кірмейді.

1.2.1-жолда кабельді теледидар желілеріне қосылған модемдерді пайдаланатын Интернет желісі абоненттері көрсетіледі. Қолжетімділік бір немесе екі бағытта 256 кбит/с немесе жоғары жылдамдықты құрайды.

1.2.2-жолда САЖ технологиясын пайдаланатын Интернет абоненттері көрсетіледі. САЖ технологиясы ақпараттың кәдімгі мыс телефон желісі бойынша үйлерге және шағын кәсіпорындарға ақпаратты кең жолақты беруді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Қатынау жылдамдығы бір немесе бірнеше бағыттарда 256 кбит/с немесе жоғарыны құрайды.

1.2.3-жолда бөлінген Интернет желілеріндегі абоненттер көрсетіледі.

1.2.4-жолда пәтерге/ғимаратқа (FTTH/V+ETTH) талшықты-оптикалық қосылуды пайдаланатын Интернет абоненттері көрсетіледі. Талшықты-оптикалық желілердің өткізу қабілеттілігі барлық басқа байланыс жүйелерінің өткізу қабілеттілігінен бірнеше есе артық және секундына терабиттермен өлшенуі мүмкін. Талшықты-оптикалық байланыс деп ақпараттық дабылдың тасымалдаушы ретінде оптикалық диапазонның электромагнитті сәуле шығаруын, бағыттауыш жүйелер ретінде талшықты-оптикалық кабельдерді пайдаланатын сымды электробайланыс түрі ұғынылады.

1.2.5-жолда 256 кбит/с-қа тең немесе асатын бәсеңдейтін жылдамдықпен бағытталған Интернет желісіне тіркелген (сымды) кең жолақты қатынаудың (САЖ, кабельді модем, талшықты-оптикалық қосылу және бөлінген желілерден басқа) басқа да технологияларын пайдаланатын Интернет желісі абоненттері көрсетіледі. Оларға мұндай байланыстың Ethernet жергілікті желісі және (BPL) электр берілісі желілері бойынша кең жолақты қолжетімділік технологиялары кіреді. Ethernet жергілікті желісі арқылы абоненттік қосулар – бұл IEEE 802.3 технологиясы бойынша абоненттік қосулар. BPL абоненттік қосулар - бұл электр желісінің желілері бойынша деректерді берудің кең жолақты қызметін пайдаланумен қосылу. Аталған көрсеткішке уақытша кең жолақты қолжетімділікті пайдаланушылар (PWLAN қатынаудың нүктелері арасындағы роуминг), WiMax пайдаланушылары және ұялы байланыс желісі бойынша Интернетке қатынаудың пайдаланушылары қосылмайды.

13. 11-бөлімнің 1-жолында 256 кбит/с немесе 2 Мбит/с жоғары немесе төмен жылдамдығымен Интернетке кең жолақты қолжетімділіктің барлық тіркелген (сымды) желілер; 2-жолда 2 Мбит/с немесе 10 Мбит/с жоғары немесе төмен жылдамдығымен Интернетке кең жолақты қолжетімділіктің барлық тіркелген (

сымды) желілері; 3-жолда 10 Мбит/с немесе 100 Мбит/с жоғары немесе төмен жылдамдығымен Интернетке кең жолақты қолжетімділіктің барлық тіркелген (сымды) желілері; 4-жолда 100 Мбит/с немесе 1 Гбит/с жоғары немесе төмен жылдамдығымен Интернетке кең жолақты қолжетімділіктің барлық тіркелген (сымды) желілері; 5-жолда 1 Гбит/с жоғары жылдамдығымен Интернетке кең жолақты қолжетімділіктің барлық тіркелген (сымды) желілері көрсетіледі.

14. 12-бөлімнің 1-жолында сымсыз кең жолақты Интернет желісіне қолжетімділікті жерсеріктік желілер пайдаланумен, тіркелген сымсыз жер үсті және жылжымалы сымсыз байланыс жер үсті желілерін пайдаланатын абоненттерін қосқанда, сымсыз кең жолақты Интернет желісіне қолжетімділікті пайдаланумен барлық абоненттер саны көрсетіледі.

1.1-жолда берілген жүктеу жылдамдығы 256 кбит/с кем емес жерсеріктік қолжетімділігі бар Интернет желісі абоненттерінің саны көрсетіледі.

1.2-жолда жүктеу жылдамдығы 256 кбит/с кем емес жылдамдығы бар жер үсті тіркелген сымсыз байланыс абоненттерінің саны көрсетіледі. Бұл көрсеткіш WiMax технологиясымен тіркелген байланыс желілерін және сымсыз тіркелген байланыс желілерін қамтиды, бірақ қолжетімділік нүктесі арқылы уақытша пайдаланушыларды қоспайды.

1.3-жолда белсенді деректерді беруге арналған кең жолақты стандартты жылжымалы байланыстың және мамандандырылған жылжымалы байланыстың қосындысы көрсетіледі (1.3.1 және 1.3.2-жолдардың қосындысы).

1.3.1-жолда стандартты жылжымалы байланыс (тек қана белсенді қолданылатын желілерді қосқанда), IP негізінде Интернет желісі деректеріне қосылу үшін өткен үш ай ағымында қолданылған, деректерді беру жылдамдығы 256 кбит/с немесе жоғары жылжымалы байланыстар көрсетіледі. Желіні көрсеткішке қосу үшін ол НТТР технологиясы арқылы Интернет желісіне қолжетімділікті қамтамасыз етуі тиіс, және IP негізінде өткен үш ай ағымында деректерді беру үшін қолданылуы тиісті. Стандартты SMS және MMS қысқа жолдау хаттары IP негізінде жіберілсе де, Интернет желісі деректерін белсенді тарату болып саналмайды.

1.3.2-жолда сөйлеулерді беру қызметтерінен бөлек сатып алынатын, немесе бөлек қызмет ретінде (модем/аппараттық кілт) не қосымша келісімшартты жасауды керек ететін, сөйлеулерді беру бойынша қызметтерге қосымша пакет ретінде жылжымалы байланыс желісі арқылы деректерді беруге арналған мамандандырылған жылжымалы байланысты пайдаланатын абоненттер саны көрсетіледі. Мерзімді абоненттік төлемі бар деректерді беру үшін барлық мамандандырылған жылжымалы байланыс желілері нақты қолдануына қарамастан, "деректерді берудің белсенді желілері" ретінде қосылады. Егер абоненттік төлем ай сайын алынбаса, алдын ала төлеулі кең жолақты

жылжымалы байланыс режимдері желілерді белсенді қолдануды керек етеді. WiMax жылжымалы байланыс технологиясын қолданатын желілер де қосылуы мүмкін.

15. 13-бөлімнің 1-жолында Интернет желісіне қолжетімділікті алу үшін жалпы қолданыстағы коммутациялық телефон желілерінде нөмірді терумен байланысты сеанстарда қолданылған минуттардың жалпы саны көрсетіледі.

2-жолда сыртқы да, ішкі де ресурстарға Интернет желісіне тіркелген (сымды) кең жолақты қатынау трафигі көлемінің жалпы саны ГБайт-та көрсетіледі.

2.1-жолда сыртқы да ресурстарға Интернет желісіне тіркелген (сымды) кең жолақты қатынау трафигі көлемінің жалпы саны ГБайт-та көрсетіледі.

3-жолда Интернет желісіне тіркелген сымсыз кең жолақты қатынау трафигі көлемінің жалпы саны ГБайт-та көрсетіледі.

4-жолда ұтқыр Интернет трафигі көлемінің жалпы саны, ГБайт-та көрсетіледі

4.1-жолда ұтқыр кең жолақты байланысты пайдаланумен интернет-трафик (елдегі) көлемінің жалпы саны көрсетіледі.

Ұтқыр кең жолақты байланысты пайдаланумен интернет-трафигі (елдегі) деп деректерді табыстау жылдамдығы жағынан эквивалентті, оңтайландырылған және жетілдірілген 3G немесе оған ұқсас стандарттарды қоса алғандағы 3G жүйесі немесе басқа да замануи ұтқыр байланыс жүйесінен шыққан елдегі кеңжолақты трафик көлемі аталады.

4.2-жолда ұтқыр кең жолақты байланысты пайдаланумен интернет-трафик (елден тысқары, шығыс роумигі) көлемінің жалпы саны көрсетіледі.

Ұтқыр кең жолақты байланыс пайдаланылған интернет-трафигі (елден тысқары, шығыс роумигі) деп оңтайландырылған және жетілдірілген 3G немесе оған ұқсас стандарттарды қоса алғандағы 3G жүйесі немесе замануи ұтқыр байланыс жүйесінен шыққан елден тысқары кеңжолақты трафик көлемі аталады.

5.1-жолда ел аумағына кіретін халықаралық интернет-трафикке арналған пайдаланылатын өткізу жолағы секундына мегабитта көрсетіледі. Бұл көрсеткіш халықаралық өткізу жолағымен қамтамасыз етілетін Интернет желісіне барлық алмасу көлемдерінің жиыны ретінде өлшенеді.

5.2-жолда ел аумағынан шығатын халықаралық интернет-трафикке арналған пайдаланылатын өткізу жолағы секундына мегабитта көрсетіледі. Бұл көрсеткіш халықаралық өткізу жолағымен қамтамасыз етілетін Интернет желісіне барлық алмасу жиыны ретінде өлшенеді.

16. 14-бөлімнің 1-жолында есепті жылдың соңында тіркелген байланыс желісінің (коаксиальді немесе оптоалшықты кабель) көмегімен жеткізілетін көп арналы телевизия пайдаланушыларының саны көрсетіледі.

1.1-жолда есепті жылдың соңына сұрау бойынша телебағдарламаларды қоса алатын интерактивті телевизия абоненттерінің саны көрсетіледі.

2-жолда жерсеріктік телекөрсетілім абоненттері саны көрсетіледі. Телевизиялық бағдарламалардың таратылымын жерсерігінен тікелей қабылдауға мүмкіндік беретін, тікелей қабылдауға арналған жерсеріктік антенналар көмегімен қосылған абоненттік қосылымдар саны көрсетіледі. Аталған көрсеткіш , жерсеріктік антенна арқылы алынатын көп арналы бағдарламаларды қабылдауға арналған абоненттік қосылымдар санын қамтиды. Бұл қызмет, тиісті антенналары мен телевизиялық құрылғылары бар абоненттерге жерсеріктік телевизиялық таралымды қабылдауға мүмкіндік береді.

3-жолда жалға алынған желілер арқылы қосылған абоненттер саны көрсетіледі. Жалға алынған желілер арқылы жүргізілген абоненттік қосылымдарға бөлініп жеке қосылғандар саны жатады. Жалға алынған желі дыбыс және (немесе) деректерді жөнелтуге арналған жеке қызметтерді қамтамасыз ету үшін екі елді мекен арасын өзара байланыстырады.

14.1-жолда есепті жылдың соңында қызмет көрсетілетін абоненттер санына қарамастан кабельді телекөрсетілім негізгі станцияларының (жүйелерінің) саны көрсетіледі. Көрсеткішке жер үсті жүйелердің көп арналы кабельді телевизия саны кіреді: кабельді (мыс немесе оптоалшықты кабель бойынша жеткізумен) және әр түрлі үйлердегі бірнеше отбасына қызмет көрсететін ұжымдық жерсеріктік антенна құрылғыларынан тұрады. Мұнда байланыстың сымсыз арналары бойынша дабылды бөлу жүйесі қосылады.

17. 15-бөлімнің 1-жолында ұялы байланыспен тұтастай қамтылған аумақтың пайыздық үлесі көрсетіледі. Бұл көрсеткіш ұялы байланыс сигналымен қамтылған аумақты жалпы аумаққа бөлу жолымен есептеледі.

2-жолда жалпы эфирлі цифрлық телехабарлармен қамтылған аумақтың үлестік пайызы көрсетіледі. Бұл көрсеткіш эфирлі цифрлық телехабарлармен қамтылған аумақты жалпы аумаққа бөлу жолымен есептелінеді.

3-жолда халықты ұялы байланыс желісімен қамту пайызы көрсетіледі. Ұялы байланыс желісі сигналы бар аймақтағы халықтың абонент немесе абонент емес екендігіне қарамастан халықтың ұялы байланыс желісімен қамтылу деңгейі көрсеткішін анықтайды. Ол ұялы байланыс сигналымен қамтылған тұрғындардың санын жалпы халық санына бөлу арқылы анықталады.

3.1 жолда ұялы байланыс 3G желісімен қамтылған халықтың пайыздық үлесі көрсетіледі.

18. 16-бөлімінде Экономикалық қызмет түрлерінің номенклатурасына сәйкес (бұдан әрі - ЭҚЖЖ) 5 таңбалы бөлінісіндегі қызметтің қайталама түрлерінің атаулары, ал "ЭҚЖЖ-нің коды" бағынында - ЭҚЖЖ-ға сәйкес саланың 5 таңбаға дейін коды көрсетіледі.

19. Осы нысанды тапсыру қағаз жеткізгіште және электронды форматта жүзеге асырылады. Нысанды электронды форматта толтыру Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті интернет-ресурсындағы (www.stat.gov.kz) "Online режимде деректерді жинау" ақпараттық жүйесін пайдалану арқылы жүзеге асырылады.

Ескертпе: X - бұл айқындама толтыруға жатпайды.

20. Арифметикалық-логикалық бақылау:

1) 2-бөлім "Байланыс қызметтерінің көлемі":

2-баған

≤

әрбір жол үшін 1-бағаннан;

4-баған

≤

әрбір жол үшін 3-бағаннан;

1-жол = әрбір бағандар бойынша 1.1 – 1.7-жолдардың

Σ.

;

1.1-жол = әрбір баған үшін 1.1.1 – 1.1.3-жолдардың

Σ.

;

1.2-жол = әрбір баған үшін 1.2.1 – 1.2.4-жолдардың

Σ.

;

1.3-жол = әрбір баған үшін 1.3.1 – 1.3.4-жолдардың

Σ.

;

1.3.1-жол = әрбір баған үшін 1.3.1.1 – 1.3.1.7-жолдардың

Σ.

;

1.4-жол = әрбір баған үшін 1.4.1 – 1.4.2-жолдардың

Σ.

;

1.4.1-жол = әрбір баған үшін 1.4.1.1 – 1.4.1.2-жолдардың

Σ.

;

1.4.1.1-жол = әрбір баған үшін 1.4.1.1.1 – 1.4.1.1.3-жолдардың

Σ.

;

1.4.2-жол = әрбір баған үшін 1.4.2.1 – 1.4.2.2-жолдардың

Σ.

;

1.4.2.1-жол = әрбір баған үшін 1.4.2.1.1 – 1.4.2.1.3-жолдардың
 Σ

;

1.5-жол = әрбір баған үшін 1.5.1 – 1.5.3-жолдардың
 Σ

;

1.5.1-жол = әрбір баған үшін 1.5.1.1 – 1.5.1.3-жолдардың
 Σ

;

1.5.2-жол = барлық баған бойынша 1.5.2.1 – 1.5.2.3-жолдардың
 Σ

;

1.5.3-жол = 3 - 4-бағандар бойынша 1.5.3.1 – 1.5.3.2-жолдардың
 Σ

;

1.6-жол = әрбір баған үшін 1.6.1 – 1.6.3-жолдардың
 Σ

;

1.7-жол = әрбір баған үшін 1.7.1 – 1.7.2-жолдардың
 Σ

;

1.7.1-жол = әрбір баған үшін 1.7.1.1 – 1.7.1.4-жолдардың
 Σ

;

2) 3-бөлім "Тіркелген телефон желілерінің саны бойынша ақпарат":

2-баған

\leq

әрбір жол үшін 1-бағаннан;

4-баған

\leq

әрбір жол үшін 3-бағаннан;

1-жол = барлық баған бойынша 1.1 – 1.4-жолдардың

Σ

;

3) 4-бөлім "Қалааралық телефон байланысының шақырулары бойынша ақпарат":

2-баған

\leq

әрбір жол үшін 1-бағаннан;

1-жол = барлық баған бойынша 1.1 – 1.3-жолдардың

Σ.

;

4) 6-бөлім "Тіркелген телефон байланысының трафигін өткізу бойынша ақпарат":

4-жол = әрбір баған үшін 4.1 – 4.2-жолдардың

Σ.

;

5) 7-бөлім "Заттай көріністегі ұялы байланыс қызметінің көлемі туралы ақпарат":

11.1-жол

≤

11-жолдан;

6) 8-бөлім "Ұтқыр байланыс абоненттерінің саны":

1.1-жол

≤

әрбір бағандар үшін 1-жолдан;

8.1-бөлімнің деректері

≤

8-бөлімнің 1-бағаны бойынша 1-жолдан;

8.2-бөлімнің деректері

≤

8-бөлімнің 1-бағаны бойынша 1-жолдан;

7) 9-бөлім "Жөнелтілген телеграммалар саны":

2-баған

≤

әрбір жолдар үшін 1-бағаннан;

4-баған

≤

әрбір жол үшін 3-бағаннан;

1-жол = әрбір баған үшін 1.1 – 1.3-жолдар

Σ.

;

8) 10-бөлім "Тіркелген (сымды) Интернет желісінің абоненттері туралы ақпарат":

2-баған

≤

әрбір жол үшін 1-бағаннан;

4-баған

≤

әрбір жол үшін 3-бағаннан;

1-жол = әрбір баған үшін 1.1 – 1.2-жолдар

Σ.

;

1.2-жол = әрбір баған үшін 1.2.1-1.2.5-жолдар

Σ.

;

9) 11-бөлім "Жылдамдығы бойынша жоғары жылдамдықты кең жолақты қолжетімділікті пайдаланумен тіркелген (сымды) Интернет желісі абоненттерінің саны туралы ақпарат":

2-баған

≤

әрбір жол үшін 1-бағаннан;

4-баған

≤

әрбір жол үшін 3-бағаннан;

10) 12-бөлім "Интернет желісін сымсыз кең жолақты қолжетімділік арқылы пайдаланатын абоненттердің саны туралы ақпарат":

2-баған

≤

әрбір жол үшін 1-бағаннан;

4-баған

≤

әрбір жол үшін 3-бағаннан;

1-жол = әрбір баған үшін 1.1 – 1.3-жолдар

Σ.

;

1.3-жол = әрбір баған үшін 1.3.1 – 1.3.2-жолдар

Σ.

;

11) 13-бөлім "Интернет желілеріндегі трафиктер туралы ақпарат":

2-баған

≤

әрбір жол үшін 1-бағаннан;

2.1-жол

≤

барлық баған бойынша 2-жолдан;

12) 14-бөлім. "Тарату көрсеткіштері мен басқада көрсеткіштер туралы ақпарат":

2-баған

≤

әрбір жол үшін 1-бағаннан;

4-баған

≤

әрбір жол үшін 3-бағаннан;

1.1-жол
барлық баған бойынша 1-жолдан;

14.1.1-жол

14.1-жолдан;

13) 16-бөлім "Қосалқы қызмет түрлері бойынша өндірілген өнім (жұмыс, қызмет) көлемі туралы ақпарат":

1-жол = барлық жолдың

Σ

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігінің
Статистика комитеті төрағасының
2015 жылғы 22 қазандағы
№ 163 бұйрығына 3-қосымша

Мемлекеттік статистика
Confidentiality guaranteed by state authorities



Жалпы мемлекеттік статистика
General form of the national statistical

Аумақтық статистика органына тапсырылад
Presented to the territorial statistical organ

Статистикалық нысанды www.stat.gov.kz сайтынан алуға болад
Statistical forms can be obtained on the website www.stat.gov.kz

Мемлекеттік статистиканың тиісті органдарына дәйексіз деректерді ұсыну және ал
Representation of unreliable and non-representation of primary statistical data to the corresponding organs

Статистикалық нысан коды 0901101 **Пошталық және курьерлік қызмет және байлан**
Code of the statistical form 0901101 **Postal and courier services and communication**

3 – б а й л а н ы с **3-связь**
3-connection

А й л ы қ **Есепті кезең** **Отчетный период**
Monthly **Reporting period**

Қызметкерлерінің санына қарамастан Экономикалық қызмет түрінің жалпы жіктеуішінің 53 – пошта :
Representation by legal entities (and/or) their structural and separate divisions independently of the number of employees in the classification of economic activities 53 - postal services

Т а п с ы р у м е р з і м і
Term of representation – 2 days after the reporting month.

Ж С Н **к о д ы**
code of IIN

1. Пошта және курьерлік қызметтің қызмет көрсетулерін, байланыс қызметін көрсетудің нақты орнын көрсетіңіз (кәсіпорынның және дара кәсіпкердің тіркелген жеріне қарамастан) - облыс, қала, аудан, елді мекен

Укажите фактическое место оказания услуг почтовой и курьерской деятельности, услуг связи (независимо от места регистрации предприятия и индивидуального предпринимателя) - область, город, район, населенный пункт

Әкімшілік-аумақтық объектілер жіктеуішіне сәйкес аумақ коды (статистикалық нысанды қағаз тасымалдағышта тапсыру кезінде статистика органының қызметкерлері толтырады)

Код территории согласно Классификатору административно-территориальных объектов (заполняется работником органа статистики при сдаче статистической формы на бумажном носителе)

Экономикалық қызмет түрлерінің номенклатурасына сәйкес, экономикалық қызметтің нақты жүзеге асырылатын түрінің коды мен атауын көрсетіңіз

Укажите наименование и код фактически осуществляемого вида экономической деятельности, согласно Номенклатуре видов экономической деятельности (код по ОКЭД)

2. Пошта және курьерлік қызметтің қызмет көрсетулерінің көлемі туралы ақпаратты көрсетіңіз, мың тенге

Укажите информацию об объеме услуг почтовой и курьерской деятельности, тысяч тенге

Жол коды Код строки	Көрсеткіштің атауы Наименование показателя	Х а л ы қ Население		Басқа топтар Другие группы	
		барлығы всего	одан – ауылдық жерлер	барлығы всего	одан – ауылдық жерлер

			из них - сельская местность		из них - сельская местность
А	Б	1	2	3	4
1	Пошта және курьерлік қызметтің қызмет көрсетулерінің көлемі Объем услуг почтовой и курьерской деятельности				

3. Байланыс қызметінің көлемі туралы ақпаратты көрсетіңіз, мың теңге

Укажите информацию об объеме услуг связи, тысяч тенге

Жол коды Код строки	Көрсеткіштердің атауы Наименование показателей	Х а л ы қ Население		Басқа топтар Другие группы	
		барлығы всего	одан – ауылдық жерлер из них - сельская местность	барлығы всего	одан – ауылдық жерлер из них - сельская местность
А	Б	1	2	3	4
1	Байланыс қызметінің көлемі Объем услуг связи				
1.1	Қалааралық және халықаралық телефон байланысы қызметтері Услуги междугородной и международной телефонной связи				
	с о н ы ң і ш і н д е в том числе	X	X	X	X
1.1.1	р е с п у б л и к а і ш і н д е внутри республики				
1.1.2	Т М Д ¹ е л д е р і страны СНГ				
1.1.3	Т М Д - д а н т ы с е л д е р страны вне СНГ				
1.2	Жергілікті телефон байланысы қызметтері Услуги местной телефонной связи				
1.3	Сымды және сымсыз телекоммуникациялық желілер арқылы деректерді беру бойынша қызметтер Услуги по передаче данных по сетям телекоммуникационным проводным и беспроводным				
1.4	Сымды және сымсыз телекоммуникациялық желілер бойынша Интернет желісінің қызметтері Услуги сети Интернет по сетям телекоммуникационным проводным и беспроводным				
1.5	Сымсыз желілер және жерсерігі, кабельді инфрақұрылым арқылы бағдарламаларды тарату бойынша қызметтер Услуги по распространению программ по				

	инфраструктуре кабельной, по сетям беспроводным и через спутник				
1.6	Ұтқыр байланыс қызметтері Услуги мобильной связи				
1.6.1	одан ұялы байланыс қызметтері из них услуги сотовой связи				
1.6.1.1	одан интерконнект (трафикті өткізу) қызметтері из них услуги интерконнекта (пропуск трафика)	x	x		
1.7	Өзге де телекоммуникациялық қызметтер Услуги телекоммуникационные прочие				

Ескерту:

Примечание:

¹ТМД - Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы

СНГ - Содружество Независимых Государств

4. Байланыстың негізгі қызметтерін тұтынушылар туралы ақпаратты көрсетіңіз, мың бірлік

Укажите информацию о потребителях основных услуг связи, тысяч единиц

Жол коды Код строки	Көрсеткіштердің атауы Наименование показателей	Х а л ы қ Население		Басқа топтар Другие группы	
		барлығы всего	одан – ауылдық жерлер из них - сельская местность	барлығы всего	одан – ауылдық жерлер из них - сельская местность
А	Б	1	2	3	4
1	Тіркелген телефон желілерінің саны Число фиксированных телефонных линий				
1.1	одан цифрлық телефон станцияларына қосылған из них подключенных к цифровым телефонным станциям				
2	Ұялы байланыс абоненттерінің саны Число абонентов сотовой связи				
3	Тіркелген Интернет абоненттерінің саны Число абонентов фиксированного Интернета				
	с о н ы ң і ш і н д е в том числе	X	X	X	X
3.1	тіркелген (сымды) Интернет абоненттерінің саны число абонентов фиксированного (проводного) Интернета				
3.2	жерсеріктік желілерді пайдаланумен Интернет желісінде сымсыз кең жолақты қолжетімділікті пайдаланатын а б о н е н т т е р с а н ы число абонентов беспроводного широкополосного				

	доступа в сети Интернет с использованием спутниковых линий				
3.3	жер үстіндегі тіркелген сымсыз байланыстың желілерін пайдаланумен Интернет желісінде сымсыз кең жолақты қолжетімділікті пайдаланатын абоненттер саны число абонентов беспроводного широкополосного доступа в сети Интернет с использованием линий наземной фиксированной беспроводной связи				
4	Жоғары жылдамдықты кең жолақты қолжетімділікті пайдаланумен тіркелген Интернет абоненттерінің саны Число абонентов фиксированного Интернета с использованием высокоскоростного широкополосного доступа				
5	Интернет желісіне қатынауы бар ұялы байланыс абоненттерінің саны Число абонентов сотовой связи, имеющих доступ к сети Интернет				
5.1	одан деректерді кең жолақты жоғарғы жылдамдықты беруге қолжетімділігі бары из них имеющих доступ к широкополосной высокоскоростной передаче данных				

Атауы Мекенжайы

Наименование _____ Адрес _____

Телефоны _____

Электрондық пошта мекенжайы

Адрес электронной почты _____

Алғашқы деректерді жариялауға келісеміз

Согласны на опубликование

первичных данных

Алғашқы деректерді жариялауға келіспейміз

Не согласны на опубликование

первичных данных

Орындаушы

Исполнитель _____

тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) телефоны

фамилия, имя и отчество (при его наличии)

Бас бухгалтер

Главный бухгалтер _____

— **тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) қолы**

фамилия, имя и отчество (при его наличии) подпись

Басшы

Руководитель _____

— **тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) қолы**

фамилия, имя и отчество (при его наличии) подпись

Мөрдiң орны (бар болған жағдайда)

Место для печати (при наличии)

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрлігі

Статистика комитеті төрағасының

2015 жылғы 22 қазандағы

№ 163 бұйрығына 4-қосымша

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрлігі

Статистика комитеті төрағасының

2014 жылғы 4 қарашадағы

№ 39 бұйрығына 6-қосымша

"Пошталық және курьерлік қызмет және байланыс қызметтері туралы есеп" (коды 0901101, индексі 3-байланыс, кезеңділігі айлық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық

1. Осы "Пошталық және курьерлік қызмет және байланыс қызметтері туралы есеп" (коды 0901101, индексі 3-байланыс, кезеңділігі айлық) жалпымемлекеттік статистикалық байқау бойынша статистикалық нысанды толтыру жөніндегі нұсқаулық (бұдан әрі - Нұсқаулық) "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 8) тармақшасына сәйкес әзірленген және "Пошталық және курьерлік қызметі және байланыс қызметтері туралы есеп" (коды 0901101, индексі 3-байланыс, кезеңділігі айлық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанының толтырылуын нақтылайды.

2. Келесі анықтамалар осы статистикалық нысанды толтыру мақсатында қолданылады:

1) абонент - байланыс қызметі үшін абоненттік желі, абоненттік нөмір немесе сәйкестендіру кодын беру арқылы қызмет көрсету туралы шарт жасалған жеке немесе заңды тұлғалар;

2) байланыс қызметтері - пошта және арнаулы жөнелтілімдерді, пошталық ақша аударымдарын немесе телекоммуникация хабарламаларын қабылдау, өңдеу, сақтау, беру, тасымалдау, жеткізу жөніндегі қызмет;

3) жергілікті телефон байланысы - телекоммуникацияның бір жергілікті желісі шеңберіндегі абоненттер, пайдаланушылар арасындағы телефон қосылуы;

4) қаларалық телефон байланысы - жергілікті телефон байланысын қоспағандағы Қазақстан Республикасы аумағында орналасқан пайдаланушылар арасындағы телефон байланысы;

5) пошта байланысы - пошта және арнайы жөнелтілімдерді қабылдау, өңдеу, тасымалдау және жеткізу, сондай-ақ поштамен ақша аудару;

6) пошталық қызмет - пошта желілері арқылы пошталық қызметтерді ұсыну;

7) ұялы байланыс - абоненттің бір ұяшықтан екінші ұяшыққа қозғалуы барысында байланыстың үзілмеуін қамтамасыз ететін және радиотолқындар арқылы көбінесе ауызша сөйлеу түрінде берілетін ақпаратпен екі жақты (көп тарапты) алмасуға арналған, қызмет көрсетілетін аумақты бірнеше ұяшықтарға бөлетін электр байланысының түрі;

8) халықаралық телефон байланысы - Қазақстан Республикасының аумағында және басқа мемлекеттің аумағында орналасқан байланыс қызметтерін пайдаланушылар арасындағы телефон байланысы;

9) электр байланысы (телекоммуникация) - сым, радио-, оптикалық немесе басқа электромагниттік жүйелер бойынша белгілерді, сигналдарды, дауыс арқылы берілетін жазбаша мәтіндерді, бейнелер мен дыбыстарды беру және қабылдау.

3. Құндық көріністегі барлық көрсеткіштер қосылған құнға салықты есепке алусыз, бір ондық белгісімен мың теңгеде көрсетіледі.

Егер құрылымдық және оқшауланған бөлімшеге заңды тұлға статистикалық нысанды тапсыру бойынша өкілеттік берсе, онда ол өзі орналасқан жердегі статистика органдарына осы статистикалық нысанды ұсынуы керек. Егер құрылымдық бөлімше және оқшауланған бөлімшеде статистикалық нысанды тапсыру бойынша өкілеттіктер болмаса, онда заңды тұлға өзі орналасқан жердегі статистика органдарына олардың аумақтарын көрсете отырып, құрылымдық және оқшауланған бөлімшелер бөлінісінде статистикалық нысанды ұсынады.

4. 2-бөлімде 1-жолында кәсіпорын қызметінің негізгі және қосалқы түрлері бойынша көрсетілген пошта және курьерлік қызметтің құндық көріністегі көлеміне есепті айда көрсетілген қызметтерге ақша төлемдердің түскен күніне қарамастан, есепті айда халыққа және заңды тұлғаларға көрсетілген қызмет көлемі енеді. Пошта қызметтерінің көлеміне құндық көріністе ішкі және халықаралық пошта жөнелтілімдерінің барлық түрлері қосылады, соның ішінде:

1) пошта төлемдерінің сатылған белгілері

2) жазбаша хат-хабарлар (EMS жөнелтілімдері және арнайы байланыс жөнелтілімдерін қоспағанда);

3) жеткізілген түбіртек хабарламалар, зейнетақы көшірмелері;

4) сәлемдемелер (EMS жөнелтілімдері және арнайы байланыс жөнелтілімдерін қоспағанда);

5) бандерольдер, ұсақ пакеттер;

6) шарт негізінде мерзімді басылымдар (жеткізу, жіберу, жөнелту);

7) пошта бөлімшелерінің қызметтері (өнімді өткізуден түскен табыстар), филателиялық өнім, ашық хаттар, конверттер, жәшік және жәшіктік материалдар, қатаң есептілік бланкілері;

8) өзге де пошта қызметтері: телеграммаларды қабылдау және жөнелту, арнайы байланыстың қосымша қызметтері, қосымша пошта қызметтері, пошталық жөнелтілімдерді қайтару, EMS жөнелтілімдерінің, арнайы байланыстың қызметтері, ірі көлемді пошта жөнелтілімдерін жеткізу және жіберу бойынша пошта қызметтері, "Директ-мейл" пошта қызметтері және басқа топтамаларға енгізілмеген өзге де қызметтер.

Жедел түрдегі пошта "EMS - Express Mail Service" (экспресс-жеткізу қызметі) жөнелтілімдеріне жедел түрде өңделетін және жеткізілетін хаттар (пакеттер) және сәлемдемелер жатады.

Пошта байланысы қызметтерінің көлеміне ақша аударымдарымен байланысты қызметтер қосылмайды, Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішіне сәйкес пошталық жинақтау банктерінің қызметтері, пошталық ақша аударымдары саласындағы қызмет ақша несие делдалдығының басқа түрлері - 64.19 класына жатады.

5. 3-бөлімнің 1-жолында кәсіпорын қызметінің негізгі және қосалқы түрлері бойынша көрсетілген байланыс қызметінің құндық көріністегі көлеміне есепті айда көрсетілген қызметтерге ақшаның түскен күніне қарамастан, есепті айда халыққа, кәсіпорындарға және ұйымдарға көрсетілген қызмет көлемі енеді.

1.1-жолда қалааралық және халықаралық телефон байланысының қызмет көрсетуі алдын-ала тапсырыс беру бойынша қалааралық және халықаралық телефондық сөйлесулерді, жедел тариф бойынша сөйлесулер, таксофон көмегі арқылы сөйлесулер, қосымша қызметтер (сөйлесу пунктіне шақыру туралы абоненттің мекен-жайы немесе телефоны бойынша ескерту, басқа қаладағы телефон нөмірі туралы анықтамаларды беру, сөйлесулерді басқа мекенжайға жолдау) ұсыну бойынша қызметтерді қамтылады.

1.2-жолда жергілікті телефон байланысы көрсеткен қызметтеріне қалалық (жергілікті) телефондалған аймақтар (облыстар) арасындағы байланысты орнату және ұстауға қажетті қосу (қайта қосу) және беру (деректер мен хабарламаларды) бойынша қызмет көрсетулерді қамтиды.

Жергілікті телефон байланысы Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан бір елді мекендегі абоненттер арасындағы телефон байланысын білдіреді.

Осы қызмет көрсетулер телефонды жеке және ұжымдық (сәйкес төлемақымен) пайдалануды қарастырады. Осыған телефондық аппаратты орнату (қайта орнату), жөндеу және ауыстыру (телефон нөмірін анықтай алатын немесе нөмірді анықтай алмайтын негізгі және параллельді), абонент нөмірін ауыстыру, байланыстың қалалық телефон байланыс желісіне келген ақауларды жөндеу және қосымша қызметтер бойынша (күзет дабылдамасының қосылуы, қосымша телефон шалулар, жарық дабылдамасы) қызметтер жатқызылады.

1.3-жолда сымды және сымсыз телекоммуникациялық желілер арқылы деректерді беру бойынша қызметтер көлеміне әртүрлі немесе бірдей сызбалы жабдықтары (құрылғылары) бар түпкілікті пунктiлер арасындағы деректерді беру бойынша желілік қызметтер кіреді. Деректерді беру (және қабылдау) бойынша қызмет көрсетулер байланыс желісінің жалпы қолжетімді, сондай-ақ белгіленген (тұтынушылармен арнайы төленген) арналары арқылы жүзеге асырылады.

Деректерді беру деп есептеу құралдарымен бұдан кейін өңдеу немесе өңдеуден кейінгі қос белгілер түрінде ұсынылған деректерді беруді электр байланысы құралдарымен қамтамасыз ететін электр байланысы танылады.

Интернет желісі деп оның элементтері ТСП/IP хаттамасында негізделген бірыңғай мекенжайлық кеңістік арқылы бір-бірімен өзара байланысқан, пайдаланушыларға көптеген ақпараттық, бизнес ресурстарға және электрондық поштаға қол жеткізу мүмкіндігін ұсынатын ғаламдық ақпараттық жүйе ұғынылады.

1.6-жолда ұтқыр байланыс қызметтері көлемі тасымалданатын ұтқыр телефон (радиотелефон) бойынша хабарламаларды қабылдау және жіберу жөніндегі қызметтерден тұрады. Мұндай телефондарда жалпы пайдаланудағы телефон желілеріне немесе ұтқыр телефондарға ену рұқсаты бар және жалпы пайдаланудағы телефон желілеріне, оның ішінде факсимильді байланысқа тән барлық функцияларды орындайды.

Ұтқыр байланыс бойынша көрсеткіштер қозғалыстағы абоненттерге өзара және тұрақты телефон желісінің абоненттерімен байланысуға мүмкіндік беретін ұтқыр байланыстың қызмет көрсетулерін ұсынатын операторлармен толтырылады.

Интерконнект (трафикті өткізу) қызметінің көлеміне байланыс операторларынан қаражаттың түсімі енгізіледі. Интерконнект - операторлардың арасындағы желіаралық байланысты білдіреді. Интерконнектке мөлшерлеме бір оператордың басқа операторға абоненттің өз желісінен тыс сөйлесудің әр минуты

үшін төлеген сомасын анықтайды. Желі ішіндегі қоңырау шалудың тарифі әдетте аз болады, өйткені бұған қосалқы төлем жоқ.

1.7-жолда өзге де телекоммуникациялық қызметтер көлеміне телематикалық қызметтері, зияткерлік желілер, технологиялық тұрғыдан басқа байланыс операторларының телекоммуникация желісіне қосу және жалғау бойынша телекоммуникация қызметтерін ұсынумен байланысты қызметтер, телекоммуникация желісіне абоненттік қолжетімділікті ұйымдастыру бойынша қызметтер, техникалық қызмет көрсету және жөндеу бойынша қызметтері техникалық жабдықты, желінің инфрақұрылым элементтері; жабдықты телекоммуникациялық жабдықты, желінің инфрақұрылым элементтерін жалға беру бойынша қызметтер, байланыс операторлары үшін трафикті (интерконнекті) өткізу бойынша қызметтер және байланыс операторларының көлік желісі қолжетімділікті ұсыну бойынша қызметтер, байланыс арналарын жалға беруді ұсыну бойынша қызметтер жатқызылады.

IP-телефонияға Интернет желісін немесе кез келген басқа IP-желісін халықаралық және қалааралық телефон сөйлесулерін ұйымдастыру және жүргізу және нақты уақыт режимінде факстерді беру құралы ретінде пайдалануға мүмкіндік беретін технология жатады.

6. 4-бөлімнің 1-жолында есепті кезеңнің соңына тіркелген телефон желілерінің саны көрсетіледі. Тіркелген телефон желісі абоненттің соңғы жабдығын жалпы қолданыстағы коммутацияланатын желімен байланыстыратын және телефон станциясының жабдығында бөлінген порты бар белсенді желі болып табылады. Оған аналогты тіркелген телефон желілерінің, қызметтерді интеграциялаумен сандық желі (ИҚЦЖ) каналдарының, тіркелген сымсыз байланыс абоненттерінің, жалпы қолданыстағы ақылы таксофондар және VoIP абоненттерінің санын қосу керек.

2-жолда есепті жылдың соңына сандық сондай-ақ, аналогтық барлық стандарттардың белсенді ұялы байланыс абоненттерінің саны көрсетіледі. Есеп жылжымалы байланыс операторларымен жасалған шарт бойынша жүргізіледі, бұл жерде ескеретін мәселе GSM стандарттары бойынша абоненттерді есептеу SIM-карталар саны бойынша есептеледі. Абоненттер соңғы 3 ай ішінде бір рет болсын байланысты пайдаланған болса белсенді болып саналады. Бұған тек қана белсенді абоненттер, яғни қызметті соңғы үш ай ішінде кем дегенде бір рет қоңырау соғу немесе қабылдау, не болмаса SMS хабарлама алу және жөнелту немесе Интернетке қолжеткізу сияқты операцияларды жүзеге асыру үшін қызметті пайдаланғандар енеді.

3-жолда сымды және сымсыз қолжетімділікпен тіркелген Интернет абоненттерінің барлық саны көрсетіледі.

3.1-жолда нөмірді терумен тіркелген (сымды) Интернет абоненттерінің санын және жоғары жылдамдықты кең жолақты қолжетімділікті пайдаланумен тіркелген (сымды) Интернет абоненттерінің санын қосқанда тіркелген (сымды) қолжетімділігі бар Интернет желісі абоненттерінің барлық саны көрсетіледі. Тек қана белсенді абоненттік қосылымдар, яғни Интернетке қосылу үшін соңғы үш ай ішінде кем дегенде бір рет пайдаланғандар, абоненттік қосылымға айналысатын төлемдерді жүйелі түрде жүргізушілер қосылады.

3.2-жолда жүктеу жылдамдығы 256 кбит/с кем емес жерсеріктік қолжетімділігі бар Интернет желісіне сымсыз кең жолақты қолжетімділікті пайдаланатын абоненттердің саны көрсетіледі.

3.3-жолда жүктеу жылдамдығы 256 кбит/с кем емес жылдамдығы бар жер үсті тіркелген сымсыз байланыс абоненттерінің саны көрсетіледі. Бұл көрсеткіш WiMax технологиясымен тіркелген байланыс желілерін және сымсыз тіркелген байланыс желілерін қамтиды, бірақ қолжетімділік нүктесі және сол сияқтылар арқылы уақытша пайдаланушыларды қоспайды.

5-жолда есепті кезеңнің соңында ұялы жылжымалы байланыс желісі бойынша (мультимедия қызметі және Интернет желісіне шығуды қосқанда) деректерді беруді пайдаланған Интернет желісіне қатынасуы бар белсенді ұялы байланыс абоненттерінің жалпы саны көрсетіледі.

Егер абонент соңғы 3 айдың ішінде биллингтік жүйелер деректер талдауында сипатталатын деректерді жеткізген немесе алған болса, онда абонент деректерді беру қызметтерінің белсенді пайдаланушысы болып табылады.

5.1-жолда кең жолақты беру (мұнда бір немесе екі бағыттарда 256 кбит/с тең немесе одан асатын жылдамдықтар белгіленеді) жылдамдықтарымен деректерді беруге (Интернет желісі) қолжетімділігі бар белсенді ұялы жылжымалы байланыс желісі абоненттерінің саны көрсетіледі

7. Осы статистикалық нысанды тапсыру қағаз тасығышта немесе электронды форматта жүзеге асырылады. Статистикалық нысанды электронды форматта толтыру Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің интернет-ресурсында (www.stat.gov.kz) орналастырылған "Деректерді он-лайн режимде жинау" ақпараттық жүйесін қолдану арқылы жүзеге асырылады.

8. Арифметикалық-логикалық бақылау:

1) 2-бөлім "Пошта және курьерлік байланысы қызметтерінің көлемі":

2-баған

≤

1-бағаннан;

4-баған

≤

3-бағаннан;

2) 3-бөлім "Байланыс қызметтерінің көлемі":

2-баған

≤

әрбір жолдар үшін 1-бағаннан;

4-баған

≤

әрбір жол үшін 3-бағаннан;

1-жол = әрбір баған үшін 1.1 – 1.7-жолдар

∑.

;

1.1-жол = әрбір баған үшін 1.1.1 - 1.1.3-жолдар

∑.

;

1.6.1-жол

≤

әрбір баған үшін 1.6-жолдан;

1.6.1.1-жол

≤

әрбір баған үшін 1.6.1-жолдан;

3) 4-бөлім "Негізгі байланыстың қызметтерін тұтынушылары туралы ақпарат"

:

2-баған

≤

әрбір жол үшін 1-бағаннан;

4-баған

≤

әрбір жол үшін 3-бағаннан;

1.1-жол

≤

әрбір баған үшін 1-жолдан;

3-жол = әрбір баған үшін 3.1 - 3.3-жолдар

∑.

;

4-жол

≤

әрбір баған үшін 3-жолдан;

5.1-жол

≤

әрбір баған үшін 5-жолдан.

